

9. *Абилова М.Н.* Соотношение понятий «нормы, запрещающие обход закона», «императивные нормы», «оговорка о публичном порядке» // Ответственность в гражданском праве: Материалы междунар. науч.-практ. конф. (в рамках цивилистических чтений). Алматы, 22–23 мая 2006 г. / Отв. ред. М.К.Сулейменов. — Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2006. — С. 389–392.
10. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. 2-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К.Сулейменов, Ю.Г.Басин. — Алматы: Жеті жарғы, 2003. — 832 с.
11. Международное частное право. Современные проблемы. — М.: ТЕИС, 1994. — 507 с.
12. *Кудашкин В.В.* Актуальные вопросы доктрины императивных норм, имеющих особое значение, в международном частном праве // Справочная правовая система «КонсультантПлюс» от 14.04.2004 г. // [www.consultant.ru](http://www.consultant.ru)

ӘОЖ 347.463 (574)

## Қазақстан Республикасында жолаушыларды және теңдеме жүктерді тасымалдау шартын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері

Акимжанова М.Т., Ильясова Г.А.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

Статья посвящена исследованию правовых вопросов по регулированию договора перевозки пассажиров и грузов в Республике Казахстан и отграничению данного договора от смежных договорных обязательств. Автором проведен анализ законодательства, регулирующего отношения, возникающие между перевозчиком и потребителем его услуг (пассажиром). Приведены точки зрения авторов по поводу правовой природы и элементов договора перевозки пассажиров и грузов.

This article devoted of research of law questions of regulation the contract of transportations of passengers and cargo in Republic of Kazakhstan and differences of the given contract from adjacent treaty obligations. In article is carried out the analysis of the legislation, regulating the relations arising between carrier and the consumer of its services (passengers), characterized the points of view of authors concerning the legal nature and elements of contract of transportations of passengers and cargo.

Көліктік шарттар жүйесінде жолаушыларды тасымалдау шартының орны бөлек. Күнделікті өмірде бұл шарт ең қолданбалы маңызға ие, себебі көптеген адамдар жұмыс орындарына, демалыс жерлеріне, іссапарларға барар кезде, әр түрлі көліктік қызметтерді пайдаланады.

«Жолаушы» және «тасымалдау» ұғымдарының құқықтық мазмұнын анықтау қажет. Әр түрлі құқықтық ахуалдарда осы ұғымдардың мазмұны тұрақты болып табылмайды. «Тасымалдау» ұғымы көліктік, сонымен қатар құқықтық тұрғыда қолданылады. Біріншіден, тасымалдау — көлік құралын пайдалану арқылы жолаушының (немесе жүктің) кеңістікте қозғалысы бойынша техникалық және технологиялық әрекет. Екіншіден, тасымалдау дегеніміз — азаматтық заңнамамен реттелетін, ерекше шарттық қатынастар.

Жолаушыларды тасымалдауды үш түрге бөлуге болады:

– ақылы және ақысыз қызмет ретінде орындалатын жолаушыларды тасымалдау. Осындай қызметтердің үлгісі бұл жолаушыларды автобустар, таксомоторлар, теміржол жылжылмалы құрамдары, кемелер және әуе кемелері арқылы коммерциялық тасымалдау. Жоғарыда аталған қызметтердің қатарына ардагерлерді оларға ұйымдастырылған мерейтойларға ақысыз жеткізуді жатқызуға болады, себебі ардагерлер ұйымдастырушыдан немесе тасымалдаушыдан бұл қызметті ақысыз шарттың негізінде алады;

– әр түрлі ұйымдармен және басқару органдарымен қызмет ету барысында орындалатын, бірақ құқықтық түсіну жағынан тасымалдау қызметі ретінде танылмайтын жолаушыларды тасымалдау. Бұл қызметтік-технологиялық тасымалдау деп аталады. Олардың қатарына жататын: басқару ұйымдардың және әр түрлі мекемелердің қызметкерлерін қызметтік көліктерінде тасымалдау, жұмыскерлерді жұмыс орындарына төлемақысыз жеткізу. Егерде аталған тасымалдау үшін төлемақы алынатын болса (мысалы, жұмыскердің еңбекақысынан ұстап қалу), бұл жолаушыларды тасымалдау қызметі болып табылады;

– мүлкінде болған, жалға алынған, сеніп берілген көлік құралдары арқылы тұрмыста тұлғалармен жүзеге асырылатын жолаушыларды тасымалдауы. Аталған тасымалдаудың түрлері — отбасы мүшелерінің, туыскандарының, таныс адамдардың және тағы басқалардың жол жүрулері (сапарлары) және жолаушыларды осылай тасымалдаудың басты құқықтық ерекшелігі ретінде коммерциялық негіздің жоқтығы және жеке мүдделердің қанағаттандырылуы табылады.

Жолаушыға, оның қол жүгіне және жүктеріне зиян келтірген жағдайларда тасымалдаушыға тасымалдаудың түрімен байланысты белгілі жауапкершілік туындайды.

Өз кезегінде, жолаушы да құқықтық және технологиялық аспектілерінде қарастыруға жатады. Бірінші кезекте, жолаушы бұл тасымалдаудың объектісі немесе «тірі зат» ретінде танылады. Екінші кезекте, жолаушы — тасымалдаушымен пайда болған алуан құқықтық қатынастардың қатысушысы. Осындай қатынастар әр түрлі салдарды туғызады және азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және еңбек заңнамаларымен реттеледі.

Қызметті көрсету барысында жолаушы ретінде тасымалдау жөнінде осы қызметті тікелей алушы болып табылатын жеке тұлға танылады. Яғни, жүру құжаты бар, көліктік құралында тасымалданып, бірақ осы көліктің қызметтік экипажының құрамына кірмейтін тұлға.

Көлік құралындағы экипаждың өзге де мүшелері және тасымалдау үшін бағыттық бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар жолаушылардың қатарына жатпайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 690-бабына сәйкес, жолаушы тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жолаушыны баратын мекеніне, ал жолаушы теңдеме жүкті тапсырған жағдайда теңдеме жүкті де апаратын мекенге жеткізуді және оны теңдеме жүкті алуға құқық берілген адамға беруге міндеттенеді, жолаушы жолына, ал теңдеме жүгін тапсырған кезде — теңдеме жүгін алып баруға ақы төлеуге міндеттенеді [1].

Бұл шарт — тасымалдау жөніндегі міндеттемелердің бір түрі. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 34-тарауында және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 40-тарауында осы шарт тасымалдаудың өзге де шарттарының арасында аталған (жүктерді тасымалдау, фрахт жүргізу).

Жолаушыларды тасымалдау шарты — дербес азаматтық-құқықтық шарт. Жолаушыларды тасымалдау шарты мен жүктерді тасымалдау шартының арасындағы байланысын Х.И.Шварц келесідей белгілейді: «Бұл екі шарт өз орындарында болып, тасымалдау қызметін көрсету жөніндегі қатынастарды реттейді» [2]. Жүктерді тасымалдау шартының пәні сияқты жолаушыларды тасымалдау шартының пәні ретінде көліктік қызметтер танылады, яғни, адамдарды (жолаушыларды) басқа жерге тасу жөніндегі қызметтер. Осы шарттың көмегімен көліктің ең басты қызметі іске асырылады, халықтың ауыспалылық мұқтаждары қанағаттандырылады. Демек, жолаушыларды тасымалдау шартының басты мазмұны тасымалдаушы жолаушыны және оның қол жүктерін баратын мекеніне жеткізу міндеті [3]. Бұл осы шарттардың арасындағы ұқсастығы. Бірақ тасымалдауға жататын объектілердің сипаты бойынша аталған шарттар бір-бірінен ажыратылады. Жүктерді тасымалдау шартының объектісі — материалдық объект — жүк (көптеген жағдайларда — тауар). Керісінше, жолаушыларды және жүктерді тасымалдау шарты жеке тұлғаның — жолаушының, ал кейбір жағдайларда оның жүгін тасымалдау жөнінде пайда болатын қатынастарды реттейді. Сонымен, тасымалдаушымен қызмет көрсетудің тұтынушысы болып жолаушы табылады. Сондықтан жолаушыларды және жүктерді тасымалдаумен байланысты қатынастарға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, көліктік заңдардан, ережелерден басқа, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы да қолданылады. Жолаушыларды тасымалдау шартында қызметті тұтынушы ретінде тек қана жеке тұлғалар бола алады.

Цивилист-ғалымдардың арасында жолаушыларды тасымалдау шарты және жүктерді тасымалдау шарты екі дербес шарттар ретінде қарастырылады. Ресей цивилисті О.Н.Садиковтің пікірі бойынша, жолаушыларды тасымалдау шарты бұл азаматтық-құқықтық шарттардың дербес түрі болып табылады және «жолаушымен бірге қол жүктерін (жолаушының жеке иеленген заттарын) де тасымалдау бойынша шарттың мазмұны жүктерді тасымалдау бойынша талаптармен толықтырылады» [4].

С.С.Ушаковтың ойынша, жолаушыларды және жүктерді тасымалдау шарты — бұл жолаушыларды да, жүктерді де тасымалдау туралы талаптарды ұсынатын азаматтық-құқықтық шарттардың жеке дербес түрі [5]. М.Д.Блатнов осыған орай «бір-бірімен байланысы жоқ жолаушыларды тасымалдау шарты және жүктерді тасымалдау шарты — екі дербес шарттар» деген тұжырымға келген. Өз ойын шарттарды жасасу айырмашылықтарымен, шарттардың құжатты рәсімделуімен, тараптардың құқықтары мен міндеттерінде және аталған шарттар бойынша жауапкершілігімен негіздейді [6].

Сонымен, О.Н.Садиковтың пікірі дұрыс деп есептейміз, өйткені жүктерді тасымалдау міндеті пайда болуы үшін, құқықтық факті ретінде танылатын қосымша келісім қажет. Демек, тасымалдаушы мен жолаушының арасында пайда болған күрделі келісімі тағы да бір құқықпен және оған жүкті тасымалдау міндетімен толықтырылады. Егер де негізгі шарт жол жүру құжатымен рәсімделетін болса, қосымша келісім жүкті тасымалдауға алғанын растайтын жүк шот-түбіртегімен куәландырылады.

Көріп отырғанымыздай, жолаушыны тасымалдаудың негізгі шарты — консенсуалды шарт. Та- раптардың келісімге келген уақытынан бастап пайда болып, ол жол жүру құжатымен рәсімделеді. Та- сымалдаушының жүкті тасымалдау жөніндегі міндеті және осындай тасымалдауды талап ету құқығы нақты болып табылады. Олардың пайда болуы үшін, тасымалдаушыға жүк шот-түбіртегімен растал- ған және жолаушының жол жүру құжатында белгісі (штемпель) бар жүкті беру қажет. Жүкті тасы- малдаушыға жүктің жүру мекенінде немесе жол бойы тапсырғанына қарамастан, жолаушымен жол жүруі құжатын көрсеткен кезде ғана тапсырылады. Жүк жолаушының баратын мекеніне жетпей жа- тып, қайтарылуы мүмкін. Жүктің қайтарылуы жолаушыны тасымалдау міндетін тоқтатпайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау шартын бөлек бапта қарастырады. Аталған шарт тұтынушылық шарттардың қатарына жатады. Тасы- малдаушы ретінде бұл қатынастарға коммерциялық ұйымдар (кәсіпкерлер) қатысады. Жолаушылар- ды және жүктерді тасымалдау шартын жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау шарты деп тану- ға болады. Ол үшін тиісті коммерциялық ұйым заң, ережелер немесе лицензия (патент) жүзінде, кез келген тұлғаның жолдануы бойынша осындай тасымалдауды жүзеге асыруға тиіс. Азаматтық кодекс- тің 695-бабының 2-тармақшасына сәйкес, жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау шарты жария шарт болып табылады. Тасымалдау шартының тұтынушылық сипаты оның жариялылығын белгілейді және жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау шартының нормаларын белгілейді.

Тасымалдау шартының тұтынушылық сипаты жолаушыларды тасымалдау шартын да ерекше нақтылайды. Жолаушының кез келген көлік түріне және жолаушылар тасымалы үшін ашық кез келген бағытында билет сатып алуға және сатып алған билетіне сәйкес орын алуға құқығы бар. ҚР АҚ 387-ба- бына сәйкес, бұл орынның категориясымен де, көлік құралындағы белгіленген орнымен қатысты.

Жолаушының поезда жүруіне тыйым салыну және оны поездан түсіріп тастау мына жағдайларда жол беріледі:

а) көлік құралында бос орындар болмаған жағдайда;

б) ҚР заңнамасымен қарастырылған жағдайларда, Үкіметтің қаулысы бойынша жолаушыларды тасымалдау тоқтатылғанда;

в) жол жүру барысында мас күйінде болып, қоғамдық тәртіпті бұзып, басқа жолаушылардың ма- засын алса;

г) жолаушы тиісті көлік түрінде әрекет ететін ережелерге бағынбаған жағдайларда.

Жолаушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін тасымалдың тікелей шарттары ғана емес, сонымен қатар тиісті қосымша қызмет және қажетті инфрақұрылымның бар болуы да маңызды [7].

Жолаушылар мен жүктерді тасымалдаумен байланысты операцияларды орындауға ашық стан- циялар осы операцияларды орындауды қамтамасыз ететін талаптарға сай болу керек. Вокзалдарда би- лет кассалары болуы керек, тасымалдың мөлшеріне байланысты жүктерді қабылдау және беру, сақ- тау камералары, күту залдары, анықтама бюролары, транзит жолаушыларына, ана мен балаға арнал- ған демалыс бөлмесі, ресторан және тамақтану орындары, тағы басқа жайлары жабдықталуы қажет.

Жолаушыларды тасымалдау шарты ақылы шарттардың қатарына жатады. Жол құжатын (билет) сатып алған кезде, жолаушы тасымалға ақы төлеу міндетін орындайды, жүктерді тапсырған кезде оларды тасымалдау үшін жеке ақы төлейді. Жалпы пайдаланыстағы көлік пен жүктерді, жолаушы- ларды тасымалдауға ақы төлеу мөлшері көлік туралы заң актілерінде белгіленген тәртіппен бекітіл- ген тарифтер негізінде айқындалады. Жоғарыда айтылғандай, жүктерді тасымалдау сияқты көліктік заңнамасында тарифтердің айқын тәртібі әлі белгіленбеген. Темір жолы көлігін санамағанда, қалаара- лық және қалалық бағыттарында жүктерді және жолаушыларды тасымалдау кезіндегі тарифтердің реттелуі заңмен анықталған тәртіпте жүзеге асырылады.

Жолаушы құқықтарының басты кепілдемелерінің бірі — тасымалдаудан, яғни шартты орындау- дан, бас тартуы. Жолаушымен алдын ала тапсырған жол құжаттарының ақысы тасымалдаушымен қайтарылып беріледі. Бұл ережелер көліктің барлық түрлерінде әрекет етеді. Шарт жолаушының бас- тамасы бойынша тоқтатылған кезде, көліктік ұйымдар (шарттың тоқталған уақытымен байланысты) белгілі бір ақша сомасын ұстап қалады. Ұстап қалудың мақсаты шығындарды өтеу емес, ол шартты орындаудан біржақты бас тартқан үшін алдын ала жарияланған тұрақсыздық айыбын өтеу.

Егер де тасымалдаудан тасымалдаушы бас тартатын болса, ол өз есебінен жолаушыны баратын мекеніне жеткізуге немесе шарттың тоқтатылуымен байланысты барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді.

Тасымалдау төлемдерін төлеген кезде жолаушылардың белгілі бір санаттарына артықшылықтар көрсетіледі. Жолаушылардың кейбір категориялары тасымалдау үшін төлеуден ҚР Заңдарымен, ал қалалық және жергілікті бағыттағы көлікте — жергілікті атқарушылық органдардың шешімімен босатылады. Артықшылықтар мен жеңілдіктерді көрсеткені үшін көліктік ұйымы бұл шығындарды тиісті бюджеттің қаражаттары арқылы жүзеге асырады.

ҚР АҚ 698-бабына сәйкес, тасымалдаушы теңдеме жүктерін, жолаушыны тиісті пунктке көлік туралы заң актілерінде айқындалған белгіленген мерзімде, ал бұл мерзімдер көзделмеген болса, қисынды мерзімде жеткізуге міндеттенеді. Жолаушы мен жүктің келу және кету мерзімдері тиісті көліктік ұйымдардың жүру кестелері бойынша белгіленеді.

Жолаушы жолда аялдаған кезде қалалық және қала маңындағы көліктен басқа, барлық көлік түріне билеттің күшін 10 тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы. Тасымалдаушы жолда аялдаған кезде билеттің қолданылу мерзімін ұлғайтуға құқылы.

Жолаушыда тасымалдаудың барлық түрлерінде көлік қызметін көрсететін кез келген тасымалдаушы мекемеге билетті тасымалдау басталғанға дейін өткізуге және тасымалдау үшін төленген соманы қайтарып алуға құқығы бар. Қайтару тәртібі көліктік ережелерімен белгіленеді.

Егерде жолаушы поездың жөнелтілуіне дейін 24 сағаттан кешіктірмей жол жүру билетін тапсырса, жол жүру құнының толық құнын алады, ал 24 сағаттан аз уақыт қалғанда, бірақ поездың жөнелтілуіне дейін 6 сағат қалғанда тапсырып, билеттің құнын және плацкарт құнының 50 пайызын алады.

Поездың жөнелтілуіне 6 сағаттан аз және поезд жөнелтілгеннен кейін 3 сағаттан аспайтын уақытта тапсырса, билеттің құнын алады, ал плацкарттың құны ұсталынып қалады.

Бірақ барлық жағдайларда тасымалдаудан бас тартуы бұл билетті сатып алған тұлғаның құқығы ретінде танылады, сәйкесінше, ол үшін ешқандай санкциялар қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі жолаушының кез келген көліктегі басты құқықтарын анықтайды. Осы құқықтардың әрқайсысы нақтылана отырып, көлік туралы нормативтік актілермен және оларға сәйкес белгіленген көліктің белгілі түріне қатысты тасымалдау ережелерімен толықтырылады.

Мысалы, жолаушы:

- әуе көлігінен басқа көліктің барлық түрлерінде, өзімен бірге 7 жасқа дейінгі, ал халықаралық тасымалда 5 жасқа дейінгі бір баланы темір жол, теңіз және ішкі су жолы көліктерінде, қалалық автобустарда, сондай-ақ таксиден басқа, қалалық және қала маңындағы көлікте балаға жеке орын берілмей, 2 жасқа дейінгі бір баланы әуе көлігінде, оған жеке орын бермей тегін алып жүруге немесе, халықаралық тасымалдарды қоспағанда, әуе көлігінде 2 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға билетті оның толық құнының 50 процентін төлей отырып, сатып алуға;
- белгіленген нормалардың шегінде (олар көліктің кейбір түрлерінде әрекет ететін жолаушыларды және жүктерді тасымалдау туралы ережелерімен қарастырылады) өзімен бірге қол жүгін тегін алып жүруге;
- тариф бойынша ақы төлеп, теңдеме жүкті тасымалдауға тапсыруға құқылы.

Аталған басты құқықтардан басқа көліктік заңнамасымен жолаушының қосымша құқықтары да қарастырылған (мысалы, науқастануына немесе қайғылы оқиғаға байланысты поезға кешіккен жағдайда, жол жүру құжаты (билет) алынған поезд жөнелтілгеннен кейінгі 3 тәулік ішінде емдеу-медициналық мекеме берген құжат негізінде қайтарылады, жолаушы жол жүру құжатын (билет) қосымша плацкарт ақысын төлеп, басқа поезға жаңарта алады немесе плацкарт құны шегерілген жол жүру құнын қайтарып ала алады және т.б).

Ал егер де жолаушының міндеттері туралы айтатын болсақ, тасымалдау үшін ақыны төлегеннен басқа, қоғамдық тәртіпті, жолаушы вагондарын және вокзал үй-жайларын пайдалану ережелерін сақтауға, сондай-ақ тасымалдаушының мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.

Көліктік заңнамада теңдеме жүк деп жолаушымен бірге тасымалданатын (арнайы жүк жиналатын бөлімде), не жолаушыдан бөлек теңдеме жүктер тиелетін бөлімдерінде орналастырылатын, белгілі бір көлемнен (мөлшерден) және салмақтан аспайтын заттар танылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 690-бабына сәйкес, теңдеме жүкті тасымалдау шарты бойынша, жолаушы теңдеме жүкті тапсырған жағдайда теңдеме жүкті де апаратын мекенге жеткізуді және оны теңдеме жүкті алуға құқық берілген адамға беруге міндеттенеді, жолаушы жо-

лына, ал теңдеме жүгін тапсырған кезде — теңдеме жүгін алып баруға ақы төлеуге міндеттенеді. Теңдеме жүкті тасымалдауға құқықтың негізі болып жолаушыларды тасымалдау шартын жасасу табылады. Сондықтан теңдеме жүкті тасымалдау шарты жолаушыларды тасымалдау шартына қатысты тәуелді және қосымша сипатта болады.

Теңдеме жүкті тасымалдау шарты оны тасымалдауға қабылданған сәттен бастап жасалған деп есептеледі, яғни нақты шарт болып табылады. Теңдеме жүкті тасымалдауға қабылдау теңдеме жүктің түбіртегімен (жетон, үзіндімен) рәсімделеді. Бірақ бұл құжат жолаушыларды тасымалдау шартының әрқашанда жазбаша нысаны болып табылмайды. Әдетте ол тек қана жасалған шарттың болуын куәландырады. Сондықтан әдебиетте бұл шарт жолаушыларды тасымалдау шарты сияқты тек қана жазбаша нысанда жасалып қоймайды [8].

ҚР Көлік туралы Заңының 13-бабында анықталғандай, әуе көлігіндегі, қала және қала маңындағы автобус тасымалдарында тегін алып жүретін қол жүгі мен теңдеме жүктің салмағы 20 кг-нан аспайтын болып белгіленеді [9].

Теңдеме жүкті тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушының міндеті болып теңдеме жүкті уақытылы сақтаулы күйінде жеткізу және оны теңдеме жүкті қабылдауға уәкілетті тұлғаға тапсыру табылады. ҚР заңнамалары бойынша тасымалдаушының бұндай міндеттері Жолаушыларды және теңдеме жүктерді тасымалдау ережелерінде нақтыланады.

Жолаушының теңдеме жүкті тасымалдау шарты бойынша негізгі міндеті — теңдеме жүкті тасымалдау ақысын төлеу. Төлемақының ставкалары тарифтермен анықталады.

Тасымалдаушы жүк-багажды келген күннен бастап 30 күн бойы, кедендік бақылауымен келген жүк-багажды 15 күн бойы сақтауға міндетті (185–186 б.) [10].

Теңдеме жүктің жетіспеушілігі, жоғалуы, зақымдануы фактілері, жолаушының талап етуі бойынша, теңдеме жүкті беру сәтінде белгіленген нысандағы актімен рәсімделінеді.

Теңдеме жүкті тапсыру кезінде жолаушымен заң бұзушылықтарға жол берілген болса, онда ол көлік құқығымен анықталған мүліктік жауапкершілікке тартылады. Атап айтқанда, көлік заңнамалары бойынша, тасымалдауға тапсырылатын теңдеме жүктен тасымалдауға тыйым салынған заттар анықталса, теңдеме жүктің иесі тарифпен белгіленген әрбір теңдеме жүктің орны үшін айыппұл төлейді. Жолаушы сондай-ақ осындай теңдеме жүкті тасымалдағаны үшін шығын да төлейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі жолаушылар мен теңдеме жүкті тасымалдау шарты бойынша кінә мен талаптар қою тәртіптерін реттемейді, сондықтан оған көліктік заңнамалардың нормалары пайданылады. Сондай-ақ бұндай қатынастарға Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы Заңы және соның негізінде қабылданған басқа да нормативтік-құқықтық актілер де қолданылады.

ҚР Көлік туралы Заңының 17–1-бабы бойынша, тасымалдаушыға тасымалға байланысты дау жөнінде талап-арыз бергенге дейін оған міндетті түрде талап қойылады. Теңдеме жүкті жеткізіп беруді кешіктіргені үшін тасымалдаушы теңдеме жүкті алушыға кешіктірген мерзімнің әрбір тәулігіне тасымал үшін төленген ақының 10 пайыз мөлшерінде айыппұл төлейді, бірақ ол тасымалдау үшін төленетін ақының 50 пайызынан аспауға тиіс (18-б.) [9].

Тасымалдаушыға тасымалдау шартынан туындайтын кінә қоюға жолаушының, жөнелтушінің (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының) құқығы бар.

Өтініш берушінің кінә қоюға құқығы бар екендігін куәландыратын құжаттар жүк тасымалдау ережелеріне сәйкес, кінә қоюға қоса тіркелуге тиіс:

- 1) жолаушылар поезының жөнелтілуі кідірілген немесе ол кешігіп келген жағдайда — жол жүру құжаты (билет);
- 2) багажды, жүк-багажды жоғалтқан, жеткізіп беру мерзімін бұзған жағдайда — багаждың, жүк багаждың квитанциясы;
- 3) багаж, жүк-багаж жетіспеген, бұзылған (бүлінген) жағдайда — багаж, жүк багаж квитанциясы мен коммерциялық акт.

Қазақстан Республикасының Азаматтық істер жүргізу кодексінің 33-бабының 3-бөлімінде тасымалдау шартынан туындайтын істер бойынша айрықша соттылықты орнатады — көлік ұйымының тұрақты әрекет етуші органының мекенжайы бойынша талап қойылады [11].

ҚР Көлік туралы Заңының 17–1-бабы бойынша, талап қою мерзімі жүкті және (немесе) жолаушыларды тасымалдаудан туындайтын талаптар бойынша талап-арыз мерзімі заңдарда белгіленген тәртіппен реттеледі делінген. Демек, аталмыш Заң көліктік заңнамаларға сілтеме жасайды. Мәселен, ҚР Темір жолы көлігі туралы Заңының 93-бабына сәйкес, жолаушыларды теңдеме жүктерді тасымалдау шарты бойынша талаптың ескіру мерзімі алты ай деп белгіленген.

Сонымен, жоғарыда қарастырылып өтілген ғалым-заңгерлердің тұжырымды көзқарастарын зерттеп, нормативтік-құқықтық актілер мен құқық қолдану тәжірибесінің материалдарына талдау жүргізіп, келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Жолаушыларды және теңдеме жүктерді тасымалдау шарты жүктерді тасымалдау шартымен салыстырғанда заңды табиғаты бойынша өзара, ақылы және консенсуалды болып табылады, жасасу нысаны — жазбаша, сәйкесінше, жол жүру құжатымен және жүк-багаждың квитанциясымен расталады. Жаңашылық ретінде қалалық көлігіндегі құжаттардың нысаны әдеттегідей жергілікті атқарушылық органдардың шешімдерімен емес, заңмен бекітілуі.

Жолаушының кассадан жол жүру құжатын, содан кейін (мүмкін, бірнеше күн өткеннен кейін) орнын алған жағдайларда жолаушыларды тасымалдау шарты консенсуалды деп сипатталады. Бірақ, басқа тәртіпке сәйкес, қала көлігінде орын алуы немесе жолаушының конклюденттік іс-әрекеттерді орындауы (турникет–автоматқа тиындарды салу) жолаушы және тасымалдаушының арасында осы шарттың жасалғандығы туралы мәлімдейді. Жолаушыларды тасымалдау шартының ауызша нысанында жасасуы да мүмкін (мәселен, жеке таксомоторларда жүрістері).

Тасымалдау жөнінде қатынастардың тиісті құқықтық регламентациясына қарамастан, бұл қатынастарды реттейтін заңнама әлі күнге дейін толық жетілдіруіне жеткен жоқ. Сондықтан тасымалдау шартының қарастырылған түрлерін толықтыру және тәжірибелі қолдану мақсатында, заңнаманың жетілдіруінің келесі жолдарын ұсынамыз.

Қазақстан Республикасында тасымалдаудың кең құқықтық регламентациясы және арнайы заңнаманың шашыраңқылығы қолдану кезінде кейбір қиыншылықтарды туғызады. Көліктік заңдарына сәйкес қабылданатын ережелер осы заңдарды кеңейту және нақтыландыру үшін қажет. Бірақ арнайы заңдарда және ережелердегі нормалардың бәсекелестігі кезінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі немесе арнайы көліктік заңдардағы нормаларына басымдық беріледі.

Сондықтан, көліктік қызметтердің әр түрлі салаларын кешенді қамтитын көліктік кодексті қабылдауды ұсынамыз, себебі бұл заңнаманың шашыраңқылығын жояды және осы саладағы заңдарды жүйелелендіріп, бірегейлендіруге мүмкіндік береді деген ойдамыз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері). — Алматы: ЮРИСТ, 2010. — 178-б.
2. *Шварц Х.И.* Правовое регулирование перевозок на автомобильном транспорте. — М.: Юрид. лит., 1966. — С. 76.
3. *Витрянский В.В.* Понятие и виды договора перевозки. Система договоров перевозки // *Хозяйство и право.* — 2001. — № 1. — С. 61.
4. Комментарий к Гражданскому кодексу Российской Федерации. — Ч. II / Ред. О.Н.Садиков. — М.: Юрид. фирма КОНТРАКТ; ИНФРА-М, 1997. — С. 455.
5. *Ушаков С.С.* Транспорт и пассажир. — М.: Юрид. лит., 1986. — С. 56.
6. *Блатнов М.Д.* Пассажирские автомобильные перевозки. — М.: Юрид. лит., 1989. — С. 56.
7. *Жайлин Г.А.* Гражданское право Республики Казахстан. — Часть Особенная: Учебник. — Т. II. — Алматы: Данекер, 2002. — С. 68.
8. *Сапрыкин Ф.И.* Международно-правовые проблемы использования воздушного пространства государств-участников СНГ // *Московский журнал международного права.* — 1993. — № 4. — С. 16.
9. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156-ХІІІ Заңы // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаршысы. — 1994. — № 15. — 20-қ.
10. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің «Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, бағажды және жүк бағажды тасымалдау ережесін бекіту туралы» 18 наурыз 2004 жылғы № 122-І Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 16 сәуір 2004 жылы тіркелді. Тіркеу № 2810 // [www.zakon.kz/](http://www.zakon.kz/) 2011.
11. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі. 13 шілде 1999 жылғы № 411-І Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. — 1999. — № 18. — 644-қ.